

## **Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 30 желтоқсан N 1963

Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі және "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасы бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 30 желтоқсандағы

N 1963 қаулысымен бекітілген

### **Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасы**

#### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы (бұдан әрі - МИБ) - Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, экономиканың басым секторлары бойынша үкіметтік және үкімет тартатын қаражатты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен тартылатын қаражатты инвестициялау бағдарламасы.

МИБ-тың негізгі мақсаты басымдықты инвестициялық жобалар мен институционалдық даму жобаларын (техникалық көмекті) іріктеу және іске асыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру болып табылады.

МИБ мынадай міндеттерді іске асыруға бағытталған:

мемлекеттің орта мерзімді инвестициялық басымдықтарын іске асыру;

Қазақстан Республикасының азаматтары, халықаралық қаржы ұйымдары және донор елдер үшін мемлекеттік инвестициялардың ашықтығын қамтамасыз ету;

басым жобаларды әзірлеу және іске асыру жөніндегі іс-шараларды жоспарлау.

МИБ республикалық бюджетті инвестициялық шығыстар бөлігінде әзірлеу құралдарының бірі болып табылады. Бұдан басқа, МИБ сыртқы қаржы ресурстарын Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін басымдықты экономика салаларына

бағыттау құралы ретінде қызмет етеді.

МИБ-тың нормативтік құқықтық базасы мынадай нормативтік құқықтық кесімдермен айқындалады:

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357 -І ҚРЗ Заңы МИБ-тың анықтамасын береді және инвестициялық жобаларды іске асыруға бюджет қаражатын бөлу үшін нормативтік құқықтық базаны қалыптастырады;

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы N 464-І ҚРЗ Заңы инвестициялық жобаларды іске асыру үшін сыртқы қаржыландыру көздерінен қаражат тартуға арналған нормативтік құқықтық базаны қалыптастырады;

"2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 қарашадағы N 473-І ҚРЗ Заңы республикалық бюджеттен, соның ішінде сыртқы үкіметтік қарыздар есебінен қаржыландыру бөлігінде МИБ-тың бірінші жылының көрсеткіштерін айқындайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін берудің лимитін белгілейді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 қыркүйегіндегі N 1287 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2000 жылға арналған индикативтік жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік инвестициялық саясат саласындағы мақсаттары мен міндеттерін айқындау үшін негіз болады;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 17 ақпандағы N 344 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдағы кезеңде қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жөніндегі, соның ішінде инвестициялық саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларының кешенін белгілейді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 қарашадағы N 1817 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі туралы ереже МИБ-ты әзірлеу және оның іске асырылуын бақылау үшін жауапты орган етіп Қазақстан Республикасының Экономика министрлігін белгілейді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 673 және 2000 жылғы 29 қаңтардағы N 139 қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген МИБ-ты әзірлеу және іске асыру ережесі мемлекеттік инвестициялық саясаттың құралы ретіндегі МИБ-тың мақсаттары мен міндеттерін, МИБ әзірлеудің методологиялық негіздерін, орталық және жергілікті атқарушы органдардың МИБ-ты іске асыру жөніндегі өзара іс-қимылын айқындайды;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 маусымдағы N 848 қаулысымен бекітілген МИБ-қа енгізілген жобаларды іске асыру мониторингін жүзеге асырудың

ережесі МИБ-қа енгізілген жобаларды іске асырудың мониторингін жүзеге асыру кезінде МИБ-ты іске асыруға қатысатын органдардың өзара іс-қимыл тәртібін, МИБ-ты іске асырудың барысы туралы ақпарат берудің мазмұнын, нысанын және мерзімдерін белгілейді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 968 қаулысымен бекітілген МИБ-тың құрамына кіретін жобалардың тиімділігін бағалаудың ережесі бағалаудың және ақпарат көздерінің объектілері мен элементтерін, ақпарат көздерін, МИБ-тың құрамына кіретін жобалардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырудың және нәтижелерін пайдаланудың әдістері мен тәртібін анықтайды.

## **2. 1999-2001 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ 1999 ЖЫЛҒЫ ОРЫНДАЛУЫН ТАЛДАУ**

1999-2001 жылдарға арналған МИБ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 маусымдағы N 772 қаулысымен бекітілген болатын және қайтарымсыз негізде республикалық бюджет қаражаттары, сыртқы үкіметтік заемдар мен гранттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен мемлекеттік емес сыртқы заемдар есебінен қаржыландыру жоспарланып отырған 83 инвестициялық жобаны қамтыды. 1999 жылы жалпы сомасы 517,78 млн. АҚШ долларына тең 63 жобаны қаржыландыру көзделген болатын.

1999-2001 жылдарға арналған МИБ жобаларын іске асыру процесінде Қазақстан Республикасының Үкіметі, атап айтқанда: "Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының ғимаратын қайта жаңарту жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1999 жылғы 27 тамыздағы N 1269 қаулысымен, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 маусымдағы N 772 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 қыркүйектегі N 1421 қаулысымен, "Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Қайта жаңарту және Даму Банкінің арасында Кепілдікті келісім (Жолдарды техникалық күтіп-ұстау және "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын коммерцияландыру жобасы) жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 1847 қаулысымен, "Сити Палас" кешені құрылысының жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 1985 қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізді.

Қайтарымсыз негізде республикалық бюджет қаражаттарының есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың бастапқы тізбесі 1999 жылы жалпы қаржыландыру сомасы 201 млн. теңге суағарларды салу мен қайта жаңарту жөніндегі 18 жобаны қамтиды.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 қыркүйектегі N 1421 қаулысымен "7"А" сорап станциясын қайта жаңарту,

Қызылорда облысы" жобасын қаржыландыру 4 млн. теңгеге қысқартылды. Бұл жобаның сыртқы үкіметтік заемдар қаражаттары есебінен қаржыландырылатын "Сумен жабдықтау жөніндегі пилоттық жобаға" құрамдас бөліктің бірі болып кіруі осыған негіз болды. 4 млн. теңге босаған сома "Кенен Әзірбаев атындағы селодағы су жинау құрылысы мен су құбырлары желілерінің құрылысын салу (2-нші іске қосылатын кешен) Жамбыл облысы" жобасын іске асыруға жұмсалды.

Нақты алғанда, 1999 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі суағарларды салу мен қайта жаңарту жөніндегі жобаларды іске асыруға 101,1 млн. теңге бөлді, бұл көзделген қаржыландыру сомасының 50,3%-ын құрайды.

Сыртқы үкіметтік заемдар қаражаттарының есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың тізбесі 47 жобаны қамтиды. Олардан 1999 жылы жалпы сомасы 304,35 млн. АҚШ долларына тең, олардың 266,24 млн. АҚШ доллары - сыртқы көздердің есебінен, 37,11 млн. АҚШ доллары - республикалық бюджеттен ортақ қаржыландыру, 1 млн. доллары - өзге ішкі көздердің есебінен көзделген 30 жобаны қаржыландыру жоспарланды.

Нақты игеру 64%-ға жүзеге асырылды және 194,82 млн. АҚШ долларын құрады, соның ішінде сыртқы көздер бойынша - 170,74 млн. АҚШ доллары, республикалық бюджеттен ортақ қаржыландыру бойынша - 24,08 млн. АҚШ доллары, өзге көздерден қаржыландыру жүзеге асырылған жоқ.

Сыртқы үкіметтік заемдардың есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың орындалуын талдай келіп, кейбір жобаларды қаржыландыру тәсіміне енгізілген мынадай өзгерістерді атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 қыркүйектегі N 1384 қаулысымен Түркияның Эксимбанкі заемдарының есебінен іске асыру жоспарланатын "Гумилев атындағы Еуразия университеті оқу-әкімшілік корпусының" және "Ұлттық мұражайдың" жобаларын қаржыландырудың тәсімі өзгерді. Жобаларды қаржыландыру 1999 жылы республикалық бюджет қаражаттарының есебінен жүзеге асырылды. Сондай-ақ, республикалық бюджет қаражаты есебінен одан әрі қаржыландырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 989 қаулысының негізінде "Өзен мұнай кен орнын оңалту" жобасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен мемлекеттік емес сыртқы заемдар есебінен қаржыландырылатын Инвестициялық жобалардың тізбесіне ауыстырылды.

1999 жылы МИБ жобаларын қаржыландыруға олардың құрамына халықаралық қаржы ұйымдары мен донор елдердің үкіметтері сияқты, жеке коммерциялық банктер де кіретін 9 инвестордың қаражаты тартылған болатын (1-диаграмма).

Жұмыс істеп тұрған жобалардың көпшілігін сыртқы үкіметтік заемдар қаражаттарының есебінен қаржыландыру кестеден артта қалып жүзеге асырылғанын атап көрсету қажет (1-кесте).

1999 жылы жоспарланған 7 жобадан 3 жобаны: "Құқықтық реформа", "Денсаулық

сақтау саласындағы жоба" (Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкі) және "Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына жәрдемдесу үшін несие желісі" (Германия Үкіметі) іске асыру басталды.

1-диаграмма. 1999 жылы сыртқы үкіметтік заемдар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қаржыландыру құрылымы

### 1-диаграмманы қағаз мәтіннен қараңыз.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кепілдік берген мемлекеттік емес сыртқы заемдар қаражаттары есебінен қаржыландырылатын жобалар тізбесін қалыптастыру Қазақстан Республикасы мемлекеттік кепілдіктерін беру шегінің шеңберінде жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1998 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен 500 млн. АҚШ долларына баламалы мөлшерде белгіленді.

Бастапқыда тізбе 7 жобадан тұрады, олардың ішінен екі жоба бойынша, атап айтқанда, "Алматы облысы телекоммуникациясының желісін жаңғырту" және "Қазақстанда орта және шағын бизнесті дамытуға" 1999 жылға дейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері берілді.

### 1-кесте. Экономиканың секторлары бойынша 1999 жылы сыртқы үкіметтік заемдар қаражаттарын игеру құрылымы

Сектор	1999		1999		Сектордың жалпы көлемдегі нақты үлесі, %
	(жоспар), млн. АҚШ доллары	(нақты), млн. АҚШ доллары	Орындалуы, %	және	
<b>Жалпы мемлекеттік қызмет көрсету</b>	<b>с и п а т т а ғ ы</b>				
Жалпы мемлекеттік қызмет көрсету	23,93	8,85	36,98	5,18	
<b>Қоғамдық қарулану</b>	<b>т ә р т і п</b>				
Қоғамдық қарулану	15,09	21,20	140,49	12,42	
Білім беру	53,58	11,08	20,68	6,49	
Денсаулық сақтау	34,75	33,87	97,47	19,84	
<b>Әлеуметтік көмек</b>	<b>қ а м т а м а с ы з</b>				
Әлеуметтік көмек	0,56	0,73	130,36	0,43	
Отын-энергетика кешені	2,64	1,05	39,77	0,61	
Ауыл шаруашылығы	21,51	12,40	57,65	7,26	
Су шаруашылығы	11,55	5,90	51,08	3,46	
<b>Өнеркәсіп және жер қойнауын пайдалану</b>	<b>қ ұ р ы л ы с</b>				
Өнеркәсіп және жер қойнауын пайдалану	2,93	1,06	36,11	0,62	

Көлік және байланыс 99,70 74,60 74,82 43,69

Барлығы 266,24 170,74 64,13 100,00

Бес жоба бойынша 1999 жылы жалпы сомасы 395 млн. АҚШ долларына тең Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру көзделген болатын. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 989 қаулысының негізінде Тізбеге "Өзен мұнай кен орнын оңалту" жобасы қосымша енгізілді.

Нақты алғанда 1999 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері 5 жоба бойынша 403 млн. АҚШ доллары көлемінде берілді, соның ішінде:

"Электр жеткізу желілерін қалпына келтіру" - 185 млн. АҚШ доллары;

"Өзен мұнай кен орнын оңалту" - 109 млн. АҚШ доллары;

"Астананың объектілерін дамыту" - 8 млн. АҚШ доллары;

"Әуе кемелерін сатып алу" - 36 млн. АҚШ доллары;

"Қазақстан темір жолы" РМК жолдарын техникалық күтіп-ұстау және коммерцияландыру жобасы" - 65 млн. АҚШ доллары.

1999-2001 жылдарға арналған МИБ шеңберінде қаржылай көмек гранттар есебінен қаржыландыруға жоспарланған 6 жобадан 1999 жылы біреуі ғана іске асырылды. Бұл Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің "Қазақстанда бидай өндірудің өнімділігін, пайдалылығын және тұрақтылығын жақсарту" жобасы, сомасы 400 мың А Қ Ш д о л л а р ы .

Жапония Үкіметінің гранттарын беру Жапонияның 1999 қаржы жылына жоспарланған еді. "Астана қаласының ауруханалары үшін жабдықтар жеткізу" және "Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясы үшін жабдықтар жеткізу" жобаларын іске асыру 2000 жылы жүзеге асырылуда.

Тұтасымен алғанда 1999-2001 жылдарға арналған МИБ-тің 1999 жылы нашар орындалғанын атап көрсеткен жөн. 1999-2001 жылдарға арналған МИБ-пен жұмыс барысында анықталған негізгі кемшіліктерге инвестициялық жобалардың республикалық бюджеттен жеткіліксіз қаржыландырылуы және кейбір жағдайларда осыған байланысты сыртқы көздерден қаржыландырудағы кідірістер жатады. Жобаларды қалыптастырудың, іріктеудің, іске асырудың, сондай-ақ МИБ-ті қаржыландыру жөніндегі республикалық бюджеттің мүмкіндіктерін болжауды жүзеге асырудың тиімділігі жоғары жүйесін енгізген кезде екінші тежеуші фактор кейінгі жылдары МИБ әзірлеу және іске асыру процесіне тартылған мемлекеттік органдардың қазіргі өзара іс-қимылдарының төмен дәрежесі болды.

МИБ-ті іске асырудың тиімділігін арттыру мақсатында, бір жағынан, инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингі жүйесін, екінші жағынан, МИБ-ке енгізу үшін жобаларды іріктеу және дайындау рәсімдерін жетілдіру қажет. 2000 жылы бұл бағытта МИБ-ке енген жобаларды іске асыру мониторингін жүзеге асыру ережесі және МИБ құрамына енетін жобалар тиімділігін бағалау ережесі әзірленіп, бекітілді.

Сонымен қатар, МИБ-ті әзірлеу процесінің бюджет процесімен мейлінше терең

өзара іс-қимылы қажет. МИБ-тің республикалық бюджет дайындау құралдарының бірі ретіндегі рөлі едәуір артуға тиісті. МИБ Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспарының бір бөлігі ретінде, жоспарланатын жылға бюджет көрсеткіштерін құрау кезінде пайдаланылатын, қолданыстағы және жаңа инвестициялық жобаларды қаржыландырудың болжамды көлемдері туралы мәліметтерден тұрады.

Жобалар мониторингі нәтижелеріне негізделетін МИБ көрсеткіштерінің республикалық бюджетті әзірлеу кезінде пайдаланылуы жобаларды қаржыландыру көлемін республикалық бюджет қаражаты есебінен де, сыртқы көздерден де мейлінше дәл жоспарлауға мүмкіндік береді.

### **3. АҒЫМДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫ ТАЛДАУ**

1999 жылы Қазақстандағы қаржы жағдайына дүние жүзінің бірқатар елдеріндегі және әсіресе Ресейдегі қаржы дағдарысы теріс әсерін тигізуді жалғастырды. Шикізатқа әлемдік бағалардың құлдырауы және сауда әріптестері болып табылатын елдерде валютаның айтарлықтай құнсыздануы сыртқы сауданың жағдайын нашарлатты.

1998 жылдың екінші жартысынан бастап 1999 жылдың I жарты жылдығын қоса алғанда орын алған экономиканың негізгі салаларында өндірістің құлдырауы 1999 жылдың I жарты жылдығындағы жалпы ішкі өнімнің динамикасына теріс әсерін тигізді. Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісінің 1999 жылдың III-IV тоқсандарында жандануы тұтасымен алғанда жыл бойынша ЖІӨ деңгейіне оң әсерін тигізді. 1999 жылдың екінші жартысынан бастап Қазақстан экономикасында экономиканың нақты секторының барлық саласында өндіріс көлемдерінің үдемелі өсуі жүріп жатыр. 1999 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ 1998 жылмен салыстырғанда 1,7 % өсті.

1999 жылы өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі 2,2 % өсті. Ауыл шаруашылығындағы жалпы қосылған құнның өсімі 28,9 % құрады. Экономиканың басқа базалық салаларында өнім шығару өткен жылмен салыстырғанда: күрделі құрылыста - 107,9 %, көлікте - 98,8 %, байланыста - 104,8 % болды. Негізгі капиталға тартылған инвестициялар да нақты алғанда жағымды болды, олардың өсімі 7,9 % деңгейінде қалыптасты.

Экономика өсуінің оң үрдістері 2000 жылы да жалғасуда. Бағалау бойынша, 2000 жылы ЖІӨ өсімі 1999 жылмен салыстырғанда 5 % құрайды. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 8 %, негізгі капиталға тартылатын инвестициялар - 15 % өседі.

**2-кесте. Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамы ("Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001-2003 жылдарға арналған индикативтік жоспарының өлшемдері туралы")**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 мамырдағы  
772 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2000 жылғы 19 қыркүйектің қаулысына сәйкес)**

Атауы	2000 жыл	2001 жыл	2002 жыл
ЖІӨ	2289,0	2535,0	2848,0 млрд. теңге
нақты көрсетілуі, % есебімен		105,0	104,0
Тұтыну бағаларының индексі,			
% е с е б і м е н			
жыл соңына		8,5	5,5
жылына орташа алғанда		13,0	6,9
Жыл аяғына алғанда теңгенің		148,0	156,1
АҚШ долларына қатысты бағамы			
жылына орташа алғанда		143,3	152,7
Өнеркәсіп өнімінің көлемі			
өткен жылға %-бен		108,0	108,0
Ауыл шаруашылығы жалпы			
өнімінің көлемі өткен		93,1	100,6
жылға % - бен			
Негізгі капиталға тартылған			
инвестициялар		115,0	122,0
нақты өзгеріс, %			
Мембюджет тапшылығы			
ЖІӨ-ге %-бен		2,8	2,2
Тауарлардың экспорты,			
млн. АҚШ доллары		8781,0	8631,0
Тауарлардың импорты,			
млн. АҚШ доллары		6820,0	7258,0
			7808,0

2000 жылы экономикалық өсу салыстырмалы алғанда инфляцияның төмен деңгейі жағдайында жүруде және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің макроэкономикалық тұрақтандыруды қамтамасыз ету жөніндегі сындарлы жұмысының нәтижесі болып табылады. Нәтижесінде экспорттың өсуі мен сауда және төлем теңгерімдері жақсаруының тұрақты үрдісі байқалады. Экономиканы монетизациялау деңгейі 2000 жылдың аяғында ЖІӨ-нің 15,3%-ын құрайды. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің жалпы және таза



алтын-валюталық активтері, сондай-ақ банк жүйесіндегі депозиттер өсуде. Банктердің несиелік қоржынының сапасын жақсарту жөніндегі жұмыс жалғастырылуда. Банк мекемелері санының азаюмен қатар, банктерді капиталдандырудың тұрақты өсу үрдісі с а қ т а л у д а .

Дүниежүзілік тауарлар рыноктары конъюнктурасының жақсаруы және дүниежүзілік экономиканың экономикалық өсуінің жаңғыруы, сондай-ақ теңгенің құнсыздануы мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін арттыруға септігін тигізді. Барлық мемлекеттік бюджеттен тыс қорларды мемлекеттік бюджеттің құрамына енгізу, республикалық және жергілікті бюджеттер арасында кіріс көздері мен шығыс баптарын нақты заңды түрде бөлу, сондай-ақ үш арнайы экономикалық аймақты жою мемлекеттік бюджетке түсімдерді жұмылдыруға мүмкіндік берді. Өндірістің өсуімен қатар мемлекеттік бюджетті орындау саласында да жақсару байқалады. 2000 жылы мемлекеттік бюджетке түсімдердің көлемі 1999 жылмен салыстырғанда жақсарды және бағалау бойынша, ЖІӨ-нің 22,1%-ын құрайды.

#### **4. МЕМЛЕКЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫ**

Экономикалық өсудің шешуші факторларының бірі ретінде және Қазақстан Республикасының Үкіметтің инвестициялар саласындағы саясатының негізгі бағыттары болып мыналар белгіленді:

инвестициялық белсенділікті арттыру,  
шетелдік және отандық инвесторлар үшін жағдайларды теңестіру,  
Қазақстанның капиталдың сыртқы рыноктарындағы беделін нығайту,  
мемлекеттік инвестицияларды оңтайлы және тиімді пайдалану,  
жеке меншік инвестициялардың құйылымын арттыру,  
жеке меншік капиталды және халықтың жинақтарын тарту және капиталдың еркін қайта құйылымы жөніндегі тетіктерді жетілдіру.

Мемлекеттік инвестициялық саясат бюджет қаражаты есебінен тікелей инвестициялау және жалпы инвестициялық климатты жақсарту және нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жолымен жанама инвестициялау әдістерін ұштастыратын б о л а д ы .

Тікелей мемлекеттік инвестициялау МИБ қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

2000-2002 жылдарға арналған МИБ негізгі басымдықтары болып мыналар а й қ ы н д а л д ы :

1) Инфрақұрылымды, ең алдымен көлікті және сумен жабдықтауды нығайту және д а м ы т у ;

2) Әлеуметтік саладағы реформаларды қолдау және адами әлеуетті дамыту;

3 ) Э к о л о г и я ;

4) Мемлекеттік басқару органдарын әлеуметтік нығайту;

5) Жалпы ұлттық мәндегі объектілер;

б) Отандық тауар өндірушілерді қолдау, соның ішінде шағын және орта бизнес субъектілерінің дамуына жәрдемдесу;

7) Астана қаласын дамыту.

Жобаларды тізбелердің ішінде жүйелеу республикалық бюджетте пайдаланылатын сыныптауышқа сәйкес жүзеге асырылады.

### 3-кесте. МИБ-тің қызметтік құрылымы, млн. АҚШ долларымен

Сектор	Жобалардың		2000		Үлес, 2001		Үлес, 2002		Үлес,
	Жалпы құны	ж. %	ж. %	ж. %	ж. %	ж. %	ж. %		
Ж а л п ы									
м е м л е к е т т і к									
көрсету	318.80	30.50	5.5	87.78	10.1	45.74	6.3		
Қорғаныс	62.21	0.83	0.1	11.32	1.3	21.99	3.0		
Қ о ғ а м д ы қ									
және қауіпсіздік	188.29	36.30	6.5	24.31	2.8	25.93	3.6		
Білім беру	137.46	12.98	2.3	26.73	3.1	5.94	0.8		
Денсаулық сақтау	182.90	28.57	5.1	41.25	4.8	17.10	2.4		
Ә л е у м е т т і к									
және әлеуметтік		54.71		0.35	0.1	7.91	0.9	4.00	0.6
қамсыздандыру									
Т ұ р ғ ы н									
коммуналдық		44.00		4.50	0.8	17.00	2.0	13.50	1.9
шаруашылық									
М ә д е н и е т ,									
және ақпараттық		21.42		10.58	1.9	10.84	1.3	0.00	0.0
кеңістік									
О т ы н - э н е р г е т и к а									
кешені	719.00	122.00	21.8	162.70	18.8	212.60	29.4		
Ауыл шаруашылығы	209.24	35.49	6.3	35.41	4.1	37.20	5.1		
Су шаруашылығы	695.51	15.47	2.8	21.51	2.5	23.17	3.2		
Қ о р ш а ғ а н									
қорғау	64.84	3.04	0.5	4.79	0.6	6.47	0.9		
Ө н е р к ә с і п ,									
энергетика,									
және жер қойнауын		257.15		14.19	2.5	37.80	4.4	62.59	8.7
пайдалану									
Көлік және байланыс	2153.96	225.68	40.4	352.22	40.7	221.38	30.6		

Кәсіпкерлік қызметті							
қолдау	92.50	18.70	3.3	24.90	2.9	24.89	3.4
Барлығы	5201.99	559.18	100.0	866.47	100.0	722.51	100.0

2000-2002 жылдарға арналған МИБ-қа енгізілген жобалардың жалпы құны 5202 млн. АҚШ долларын құрайды және мемлекеттің инвестицияларға деген жалпы басым қажеттіліктерін көрсетеді. Олардың ішінде 2000 жылдан 2002 жылға дейінгі кезеңде 2148 млн. АҚШ долларын қаржыландыру жоспарлануда.

МИБ-тің 2000-2002 жылдарға арналған салалық басымдықтарын анықтау Қазақстан Республикасы дамуының 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді стратегиясына негізделеді. МИБ-тің 2000-2002 жылдарға арналған салалық стратегиясы экономиканың жекелеген секторларын дамыту бағдарламаларына негізделген. Салалық бағдарламалар әрбір сектордың салыстырмалы маңыздылығын, оның даму перспективаларын, сондай-ақ экономиканың жалпы өсуіне қосқан әлеуетті үлесін көрсетеді. Олар бір немесе өзге сектордың мүмкіндікті дамуының негізгі бағыттарын қалыптастырады, ағымдағы және жоспарланатын міндеттерді шешудің шаралары мен тәсілдерін белгілейді, әрбір саладағы мемлекеттік сектордың үлес салмағын және оның даму перспективаларын сипаттайды.

Мемлекеттік инвестицияларды экономиканың негізгі салалары бойынша бөлу 2000 жылдан 2002 жылды қоса алғандағы кезеңде мемлекеттік инвестициялардың барлық көлемінің үштен бірінен астамы (893 млн. АҚШ доллары) көліктік-коммуникациялық салаға бағытталды (2-диаграмма). Бұл осы сектордың мемлекеттік қаржыландыруды талап ететін бағыттардың ішіндегі ерекше орнымен түсіндіріледі.

Бұдан әрі отын-энергетика кешені жалғасады (518 млн. АҚШ долл.). Осы саланың мемлекеттік инвестициялардың жалпы көлеміндегі жоғары үлесі жоспарланатын кезеңде "Өзен мұнай кен орнын оңалту", "Атырау мұнайды қайта өңдеу зауытын қайта жаңарту", "Трактебель С.А." компаниясының Қазақстан Республикасының газ тасымалдау және электр энергетикасы салаларындағы активтерін "ҚазТрансГаз" ЖАҚ сатып алуы" сияқты ірі жобаларды іске асырумен түсіндіріледі. Осы жобаларды қаржыландыру мемлекет кепілдігімен мемлекеттік емес сыртқы заемдар қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

## **2-диаграмма. 2000-2002 жылдарда экономиканың негізгі салалары бойынша МИБ шеңберіндегі инвестициялар құрылымы**

### **2-диаграмманы қағаз мәтіннен қараңыз.**

Азаматтық құрылыс саласында іске асырылатын жобалар негізінен Астана қаласын дамытуға бағытталған. 2000 жылдан 2002 жылды қоса алғандағы кезеңде осы саладағы мемлекеттік инвестициялардың жалпы көлемі 249,4 млн. АҚШ долларын құрайды. 90 млн. АҚШ доллары шамасындағы мемлекеттік инвестицияларды

әлеуметтік секторға бағыттау жоспарлануда. Соның ішінде денсаулық сақтауға - 42,5 млн. АҚШ доллары, білім беруге - 28,1 млн. АҚШ доллары, мәдениетке - 11,4 млн. АҚШ доллары.

## **5. МЕМЛЕКЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАУ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРДІ ТАЛДАУ**

2000-2002 жылдарға арналған МИБ-ті қаржыландырудың көлемін белгілеген кезде олардың басымдықтарын анықтау мақсатында экономиканың және жеке алғанда әрбір сектордың инвестицияларға мұқтаждықтарына жалпы талдау жүргізілді. Капиталдың өтелімінен құтылу мақсатында ауыспалы және іске қосылатын объектілерге бірінші кезекті көңіл бөлінді. Одан әрі олар жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімдері қабылданған жобалар, соңында экономиканың нақты секторының дамуына және халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруына мүмкіндік туғызатын, әлеуметтік және экономикалық маңызы бар жобалар жалғасады.

МИБ-тің 2000-2002 жылдарға арналған жалпы көлемі ішкі және сыртқы көздерден қаржыландыру сомаларынан құралады.

### **4-кесте. 2000-2002 жылдарға арналған МИБ көлемі, млн. АҚШ доллары**

	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	
ЖІӨ, млрд. АҚШ доллары		15.97	16.60	17.80
М И Б млн. АҚШ доллары		559.18	866.47	722.51
ЖІӨ-нен % есебімен		3.50	5.22	4.06
с о н ы ң і ш і н д е :				
І ш к і қаржыландыру,		112.50	179.89	115.62
ЖІӨ-нен % есебімен		0.70	1.08	0.65
С ы р т қ ы қаржыландыру,		446.68	686.58	606.89
млн. А Қ Ш д о л л а р ы				
ЖІӨ-нен % есебімен	2.80	4.14	3.41	

Сыртқы қаржыландыру үшжылдық бағдарламаның жалпы көлемінде 81% (1,7 млрд. АҚШ доллары) құрайды және гранттар мен қарыздар түрінде Қазақстан Республикасының Үкімет тартатын қаражатты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекет кепілдігімен тартылатын мемлекеттік емес заемдарды қамтиды.

### **3-диаграмма. Қаржыландыру түрлері бойынша 2000-2002 жылдарда сыртқы қаржыландыру құрылымы**

**3-диаграмманы қағаз мәтіннен қараңыз.**

Қазақстан Республикасының мемлекет кепілдігімен берілетін мемлекеттік емес заемдар сыртқы қаржыландырудың жалпы көлемінде айтарлықтай үлеске ие болады. Бұл, бірінші кезекте, жоспарланатын кезеңде отын-энергетика кешенінде ірі инвестициялық жобаларды іске асырумен байланысты.

"2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1999 жылғы 11 қарашадағы N 473-І Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2000 жылға Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктер берудің шегі 260 млн. АҚШ доллары мөлшерінде белгіленді.

Халықаралық қаржы ұйымдарының және донор елдер үкіметтерінің МИБ шеңберінде Қазақстан Республикасына беретін сыртқы үкіметтік заемдары мен гранттарының жалпы сомасы 2,0 млрд. АҚШ доллары шамасын құрайды. 2000 жылдан 2002 жылды қоса алғандағы кезеңде жалпы сомасы 780,86 млн. АҚШ доллары 20 донордың сыртқы үкіметтік заемдары мен гранттарын игеру жоспарлануда.

#### **4-диаграмма. 2000-2002 жылдарда сыртқы үкіметтік заемдар мен гранттардың донорлар бойынша құрылымы**

##### **4-диаграмманы қағаз мәтіннен қараңыз.**

Сыртқы үкіметтік қарыз алудың мүмкін көлемдерін анықтау Халықаралық Валюта Қоры мақұлдаған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Ұлттық Банкінің 2002 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңге арналған экономикалық саясаты жөніндегі меморандуммен белгілеген мемлекеттік бюджет тапшылығының параметрлерін сақтау қажеттігіне сәйкес жүзеге асырылды.

#### **5-кесте. Мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландыруда сыртқы үкіметтік қарыз алу үлесі**

	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.		
ЖІӨ, млрд. АҚШ доллары			15.97	16.60	17.80
Мемлекеттік бюджет тапшылығы,					
ЖІӨ-ге %-бен			2.8	2.2	1.2
млн. АҚШ доллары			447.26	365.23	213.60
МИБ шеңберінде сыртқы үкіметтік қарызға алудың көлемі,		228.16	228.77	174.52	
		млн.	АҚШ	доллары	
		мемлекеттік	бюджет		
тапшылығына %-бен	51.0	62.6	81.7		

Сыртқы үкіметтік заемдарды тарту және пайдалану процесін жүйелендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі нормативтік құқықтық базаны

қалыптастыру, мемлекеттік инвестициялық саясаттың негізгі құралдарының бірі ретінде МИБ-тің рөлін күшейту жөнінде жұмыс жүргізген болатын, сыртқы үкіметтік қарызға алудың есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларға талдау жүргізілді.

Инвестициялық қоржынға талдау міндеттердің мынадай тобы бойынша жүргізілді: қолданыстағы заемдардың осы немесе өзге компонентінің тиімділігін анықтау, жаңа заемдарды ескере отырып инвестициялық қоржынның оңтайлы құрылымын және жалпы бюджеттік шектеулерді анықтау мақсатында компоненттер бойынша заемдардың қолданыстағы қоржынына және инвестициялық жобаларға сараптама;

қолданыстағы қоржынды қайта құрылымдау жөніндегі ұсыныстарды және ұсынылып отырған жаңа заемдар құрылымын оңтайландыруды ескере отырып бюджет тапшылығын ұлғайту мүмкіндіктерінің өлшемдерін анықтау және жаңа инвестициялық қ о р ж ы н д ы ә з і р л е у .

Республикалық бюджет тапшылығының Халықаралық Валюта Қорымен келісілген параметрлерін негізге ала отырып, экономиканың орта және ұзақ мерзімді дамуындағы ең басымдарын анықтау арқылы қолданыстағы және жоспарланатын инвестициялық жобаларды оңтайландыру жөнінде жұмыс жүргізілді. Көрсетілген жұмыстың шеңберінде алдағы үшжылдық кезеңге Дүниежүзілік Банктің және Азия Даму Банкінің елдік бағдарламалары қалыптастырылды және бекітілді, Ислам Даму Банкінің елдік бағдарламасы және Жапония Үкіметінің Йендік несие желісі бойынша қаржыландыру үшін жобалар Тізбесі қалыптастырылуда.

2000-2002 жылдарға арналған МИБ Қазақстан Республикасының Үкіметтің экономиканың осы немесе өзге секторларын инвестициялау жөніндегі ой-ниетін білдіреді. Әрі МИБ-тің бірінші жылы жоспарлы болып табылады және өзінің көрсеткіштері бойынша 2000 жылдың бюджетіне сәйкес келеді. 2001 және 2002 жылдардағы инвестициялаудың көлемдері болжамды болып табылады және үкіметтік қарыздың лимиттеріне және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиттеріне тәуелді. Көрсетілген лимиттер мемлекеттік және мемлекет кепілдендірген қарызға алу мен борыштың жай-күйін жыл сайын бағалауға және алдағы онжылдық кезеңге болжамға сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті жылға арналған республикалық бюджеті туралы Заңымен белгіленеді.

---

#### Қосымшада пайдаланылатын қысқартулар:

ХҚДБ	- Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкі
ЕҚДБ	- Еуропалық Қайта жаңарту және Даму Банкі
А Д Б	- А з и я Д а м у Б а н к і
И Д Б	- И с л а м Д а м у Б а н к і
АЭЫКҚ	- Араб Экономикалық Ұнтымақтастығы Кувейт Қоры
С Д Қ	- С а у д Д а м у Қ о р ы

АДДҚ - Абу-Даби Даму Қоры  
ЮСАИД - АҚШ Халықаралық Даму жөніндегі агенттігі  
ДДСҰ - Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы  
ҒЭҚ - Ғаламдық Экологиялық Қоры

**Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған  
мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына  
1-қосымша**

**Ескерту. 1-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.26. N 386 қаулысымен .**

**Республикалық бюджет қаражаты есебінен  
қаржыландырылатын бағдарламалар мен жобалар тізбесі**

( млн . теңге )

№	Жоба атауы	Атқарушы агенттік	Иске асыру кезеңі	Жоба құны
1	2	3	4	5

**Жалпы сипаттағы мемлекеттік**

**қызметтер**

1	Кеден бекеттерін салу және қайта жаңарту министрлігі	Мемлекеттік кіріс	2000-2003	2,064.50
2	Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі ғимаратының құрылысы басқармасы	Қазақстан Республикасы	2001	1,985.10 <*>

**Қорғаныс**

3	Алматы облысындағы Талғар өзенінде сел тоқтататын бөгет құрылысы агенттік	Төтенше жағдайлар	1994-2004	3,577.40 жөніндегі
4	Генерал С.Қ. Нұрмағанбетов атындағы "Жас ұлан" республикалық мектебінің құрылысы	Қорғаныс	1999-2002	921.90 министрлігі
